8) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Хромтау-Алтынсарин темір жол желісін салу және уақытша пайдалану жөніндегі дирекциясы» еншілес мемлекеттік кәсіпорны (2002 жылғы 31 қаңтардағы № 11252-1901-БП тіркеу туралы куәлік).

3. ҚТЖ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – Заңнама), Корпоративтік басқару кодексіне, сондай - ақ осы Жарғыға (бұдан әрі-Жарғы) және ҚТЖ өзге де құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. ҚТЖ Қазақстан Республикасының Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

5. ҚТЖ-ның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

ҚТЖ дербес балансы, банктік шоттары, оның ішінде валюталық шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, тауар таңбасы болады және белгіленген тәртіппен үлгілері бекітілетін және тіркелетін өзге де нышандары, сондай-ақ мемлекеттік, орыс тілдеріндегі мөртабандары, фирмалық бланкілері және басқа да деректемелері бола алады.

## **2-БАП. АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ МЕРЗІМІ**

7. ҚТЖ атауы:

1) мемлекеттік тілде:

толық атауы - «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

қысқартылған атауы - «ҚТЖ» ҰК» АҚ;

2) орыс тілінде:

толық атауы – акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»;

қысқаша - АО «НК «ҚТЖ»;

3) ағылшын тілінде:

толық атауы – Joint Stock Company «National Company «Kazakhstan Temir Zholy»;

қысқаша – JSC «NC «KTZ» .

8. ҚТЖ орналасқан жері: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қонаев көшесі, 6.

9. ҚТЖ қызмет мерзімі-шектелмеген.

## **3-БАП ҚТЖ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ ЖӘНЕ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ**

10. Қазақстан Республикасының Үкіметі-ҚТЖ құрылтайшысы.

11. «Самұрық – Қазына» ұлттық әл – ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Қор) ҚТЖ-ның жалғыз акционері.

#### **4-БАП. ҚТЖ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ**

12. ҚТЖ құрылтай құжаты-Жарғы.

13. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен заңнамада белгіленген тәртіппен танысуға құқылы.

#### **5-БАП. ҚТЖ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ТҮРЛЕРІ**

14. ҚТЖ-ның негізгі мақсаты-таза табыс табу.

15. ҚТЖ мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бағдарлама бойынша магистральдық теміржол желісін салуды, күтіп-ұстауды және жаңғыртуды жүзеге асыру;

2) тасымалдау процесін басқару;

3) магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсету;

4) теміржол жылжымалы құрамын, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнайы контейнерлерді жөндеу;

5) жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың тасымалдауға қажеттіліктерін қанағаттандыру, тасымалданатын жүктердің сақталуын және олардың межелі пункттеріне уақтылы жеткізілуін қамтамасыз ету;

6) әртүрлі көлік түрлерінің қатысуымен тікелей және аралас хабарламалар жүйесін ұйымдастыру;

7) Қазақстан Республикасының тасымалдау әлеуетін неғұрлым толық пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

8) теміржол көлігі саласында ҚТЖ жүзеге асыратын технологиялық байланысты өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің экспорты (импорты);

9) магистральдық теміржол желісінің инфрақұрылымын жоспарлы және кешенді дамыту;

10) ҚТЖ-ның меншік құқығындағы құрылыстарды, құрылғылар мен техникалық құралдарды жарамды күйде ұстау;

11) ҚТЖ ұсынатын қызметтер туралы ақпараттық-анықтамалық қызметтер көрсету;

12) теміржол көлігі саласында ҚТЖ кадрларын кәсіптік даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызмет;

13) теміржол көлігінің мұқтажы үшін импорт алмастыратын өндірістерді дамытуға қатысу;

14) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде пайдаланылмайтын мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру;

15) теміржол көлігі саласындағы зияткерлік меншік объектілерін (тауар белгілерін, авторлық құқық объектілерін, бағдарламалық қамтылымды, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық



- жұмыстардың нәтижелерін, нормативтік – техникалық құжаттаманы) мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру;
- 16) ҚТЖ қызметінің нәтижесінде пайда болатын түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын өткізу;
- 17) электр және жылу энергиясын беру және тарату;
- 18) қызметтерді баламалы жеткізушілер болмаған жағдайда бөгде ұйымдар үшін теміржол инфрақұрылымы объектілерінде өрт, қалпына келтіру техникасы мен кран жұмысы қызметтерін ұсыну;
- 19) баламалы қызмет көрсетушілер болмаған жағдайда бөгде ұйымдар үшін ұзын өлшемді түйіспесіз рельстік өрімдерді дәнекерлеу бойынша қызмет көрсету;
- 20) локомотив радиостанцияларын, автоматтандырылған локомотив сигнализациясы мен радиобайланысының қауіпсіздік аспаптарын, машинистің қырағылығын бақылау құрылғыларын монтаждау, жөндеу және оларға қызмет көрсету;
- 21) балама қызметтерді жеткізушілер болмаған жағдайда теміржол учаскелерінің диагностикалық техникамен тексерілуі бойынша бөгде ұйымдарға қызметтер көрсету;
- 22) мүлікті (орынжайларды) уақытша пайдалануға беру;
- 23) ҚТЖ-ға тиесілі желілер бойынша телефон және телеграф байланысының қызметтері;
- 24) магистральдық темір жол желісі операторының мұқтажы үшін тауар-материалдық құндылықтарды жеткізушілерден жауапты сақтау;
- 25) ҚТЖ теміржол көлігін орталықтандыру, сигнал беру, блоктау құрылғыларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- 26) ҚТЖ-ға тиесілі байланыс арналарын пайдалануға беру;
- 27) жол техникасы (арнайы жылжымалы құрам) қызметтерін ұсыну;
- 28) бөгде ұйымдар үшін электрмен жабдықтау (электр энергиясын беру) бойынша қызметтер көрсету;
- 29) бөгде ұйымдар үшін теміржол жолын және бағыттамалы бұрмаларды ағымдағы ұстау;
- 30) энергиямен жабдықтаушы ұйымның өтінімдері бойынша тұтынушының электр қондырғыларын ажырату (қосу);
- 31) ҚТЖ үлестес тұлғаларына жобаларды басқару және техникалық қадағалауды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету;
- 32) кірме жолдар қызметтерін көрсету;
- 33) бөгде ұйымдар үшін жылжымалы теміржол құрамына ағымдағы ағытып жөндеу жүргізу;
- 34) ҚТЖ қызметінің бейіні бойынша бөгде ұйымдар мен жеке тұлғалар үшін білім беру қызметтерін ұсыну;
- 35) тауар-материалдық құндылықтарды: тұрмыстық көмірді, ҚТЖ қызметкерлері үшін нысанды, арнайы киімді және ҚТЖ жолын төсеуде одан әрі пайдалануға жарамсыз отын, құрылыс шпалдарын өткізу;
- 36) ҚТЖ тікелей меншігіндегі теміржол магистральдық желісінің

электрлендірілген учаскелеріндегі өткелдер арқылы автомобиль көлігімен габаритті емес жүкті тасымалдау кезінде электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

37) бөгде темір жол учаскелерін электрмен жабдықтау құрылғыларына қызмет көрсету;

38) ҚТЖ-ның басқа ұйымдарының объектілерін салу және күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуді қоспағанда, бөгде ұйымдардың объектілерін салу және күрделі жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін электр қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, байланыс желісін ажырату, жерге тұйықтау, монтаждау және демонтаждау;

39) тікелей ҚТЖ меншігіндегі теміржол вокзалдарындағы қызметтік-техникалық орынжайларды жалға беру;

40) тікелей ҚТЖ меншігіндегі теміржол вокзалдарындағы ортақ пайдаланылатын орынжайларға кіріп-шығуға рұқсат беру;

41) темір жол вокзалдарында тікелей ҚТЖ меншігіндегі ақпараттық жабдықтардың (ақпараттық стендтер, табло, дыбыстық хабарлау құралдары) көмегімен ұсынылатын анықтамалық-ақпараттық қызметтер көрсету;

42) магистральдық темір жол желісіндегі авариялық жағдайлардың салдарларын жою;

43) ҚТЖ компаниялары тобының қызметкерлеріне және бөгде жеке тұлғаларға және заңды тұлғаларға тікелей ҚТЖ меншігіндегі инвентарьмен жатақханалардың тұрғын бөлмелерін жалға беру;

44) өтімсіз тауар-материалдық құндылықтарды өткізу;

45) ҚТЖ компаниялары тобын дамытудың стратегиялық бағыттарын іске асыру шеңберінде еншілес және өзге де үлестес ұйымдарды басқару;

46) темір жол құрылысы;

47) ҚТЖ компаниялар тобы үшін бухгалтерлік және салықтық есепке алу саласындағы қызмет;

48) еншілес ұйымдардың қызметкерлерімен еңбек қатынастарын ресімдеу;

49) заңнамаға сәйкес қажетті келісімдер алған жағдайда басқа да қызмет түрлері.

16. Лицензияның немесе заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы қажет рұқсаттың өзге түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттың өзге түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

## **6-БАП. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

17. ҚТЖ заңнамада көзделген барлық құқықтарға ие болады және міндеттерді атқарады.

18. ҚТЖ Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. ҚТЖ өз міндеттемелері бойынша өз мүлкімен жауапты болады.

19. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚТЖ міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құны шегінде ҚТЖ қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

20. ҚТЖ мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ мемлекет ҚТЖ міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

21. ҚТЖ магистралдық темір жол желісін иеленуді және пайдалануды жүзеге асырады.

22. ҚТЖ заңнамада белгіленген тәртіппен өз өкілеттіктері шегінде халықаралық ұйымдарда теміржол әкімшілігін білдіреді.

23. ҚТЖ заңнамада белгіленген тәртіппен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің темір жол әкімшіліктерінің (темір жолдарының) тарифтік келісіміне қатысушы болып табылады, халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдауға арналған тарифтік саясатты әзірлейді.

24. ҚТЖ өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасай алады, мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып ала алады, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады, сондай-ақ заңнамаға қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыра алады.

25. ҚТЖ қорғау құжаттарын, технологияларды, «ноу-хауды» және басқа да ақпаратты иелену және пайдалану құқығын сатып ала алады және бере алады.

26. ҚТЖ бағалы қағаздарды шығара алады және оларды таратады, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздарды сатып алады, сондай-ақ өзінің қаржылық тәуекелдерін туынды қаржы құралдары арқылы заңнамада көзделген тәртіппен сақтандыра алады.

27. ҚТЖ Қазақстан Республикасында және шетелде өз филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға өз мүлкі есебінен негізгі құралдар мен ағымдағы активтерді бере алады және заңнамаға сәйкес олардың қызметінің тәртібін анықтай алады. Филиалдар мен өкілдіктердің мүлкі ҚТЖ балансында ескеріледі.

28. ҚТЖ филиалдары мен өкілдіктеріне ҚТЖ тағайындайтын лауазымдар номенклатурасын, сондай-ақ жылдық еңбекақы төлеу қорының мөлшерін бекітеді. Филиал басшысы мен өкілдік басшысы ҚТЖ берген сенімхаттар негізінде әрекет етеді.

29. ҚТЖ өндірістік қызметті жоспарлауға, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамытуға, кадрларды іріктеуге, орналастыруға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді.

30. ҚТЖ белгіленген тәртіппен банктерде және Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан басқа да қаржы ұйымдарында ұлттық валютада да, шетел валютасында да шоттар ашады.

31. ҚТЖ кепілгер болуға, заңнамаға сәйкес қазақстандық, сондай-ақ шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңгемен және шетел валютасымен қарыздар алуға және кредиттерді пайдалануға құқылы.

32. ҚТЖ белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдарға қаржылық, салықтық және статистикалық есептілікті ұсынады.

33. ҚТЖ қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуі «Ұлттық әлауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бекітілетін Қор тобының қайырымдылық бағдарламасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚТЖ қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуге құқылы емес.

34. ҚТЖ заңнамада көзделген басқа да құқықтарға ие болуы және басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

## **7-БАП. ҚТЖ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ**

35. ҚТЖ құжатсыз нысанда қарапайым акциялар шығарады.

36. ҚТЖ басқа, оның ішінде айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу шарттары мен тәртібі заңдарда белгіленеді.

37. Қарапайым акция жалғыз акционерге Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін шешімдерді қабылдау құқығын, Жалғыз акционердің тиісті шешімі негізінде ҚТЖ-да таза кіріс болған кезде дивидендтерді, сондай-ақ ол таратылған кезде ҚТЖ мүлкінің бір бөлігін заңнамада белгіленген тәртіппен алу құқығын береді.

38. Жарияланған акцияларды немесе ҚТЖ қарапайым акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алынған көрсетілген бағалы қағаздарды сату ниеті болған кезде, ҚТЖ бұл туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) күн ішінде жазбаша хабарлама немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы Жалғыз акционерге бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған ҚТЖ органы белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша бағалы қағаздарды сатып алуды ұсынуға міндетті.

39. Жалғыз акционердің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

40. ҚТЖ жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе ҚТЖ орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту жалғыз акционердің шешімі бойынша жүзеге асырылады. ҚТЖ акцияларын оның жарияланған акцияларының саны шегінде орналастыру туралы шешімді ҚТЖ Директорлар кеңесі қабылдайды.

41. ҚТЖ өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін орналастыруға құқылы.

42. ҚТЖ-ның орналастырылатын акцияларына ақы төлеу заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

43. Орналастырылатын акцияларды толық төлегенге дейін ҚТЖ осы акцияларды ҚТЖ акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі оны сатып алушының шотына есептеу туралы бұйрық беруге құқығы жоқ.

44. Орналастырылған акцияларды сатып алу кейіннен сату мақсатында немесе заңнамаға және ҚТЖ Жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда Заңда белгіленген тәртіппен бекітілген, оларды ҚТЖ сатып алған кезде акциялардың құнын айқындау әдістемесіне сәйкес ҚТЖ бастамасы бойынша жалғыз акционердің келісімімен жүргізілуі мүмкін.

45. Орналастырылған акцияларды Жалғыз акционердің талап етуі бойынша сатып алу заңда көзделген жағдайларда жүргізіледі.

46. Акцияларға айырбасталатын ҚТЖ бағалы қағаздарын шығаруға ҚТЖ жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырма шегінде жол беріледі. ҚТЖ бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздар шығару проспектісінде көрсетіледі.

ҚТЖ облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын ҚТЖ Директорлар кеңесі айқындайды.

47. ҚТЖ бағалы қағаздарын кепілге салуға құқылы. Жалғыз акционердің, егер кепіл талаптарында өзгеше көзделмесе, дауыс беруге және өзі кепілге салған акция бойынша дивидендтер алуға құқығы бар.

48. ҚТЖ өзі орналастырған бағалы қағаздарды заңда көзделген жағдайларда ғана кепілге қабылдай алады.

49. Егер кепіл талаптарында өзгеше белгіленбесе, ҚТЖ орналастырған және оның кепіліндегі акциялар бойынша дауыс беру құқығы Жалғыз акционерге тиесілі болады. ҚТЖ өзінің кепіліндегі акцияларымен дауыс беруге құқылы емес.

50. ҚТЖ бағалы қағаздарының кепілін тіркеу тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес айқындалады.

51. Жалғыз акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша ҚТЖ төлейтін кірісі дивиденд болып табылады.

Дивидендтерді төлеу туралы шешімді ҚТЖ-ның жалғыз акционері қабылдаған жағдайда ҚТЖ акциялары бойынша дивидендтер ақшамен немесе бағалы қағаздармен төленеді.

52. ҚТЖ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жалғыз акционердің шешімі бойынша тоқсан, жартыжылдық немесе жыл қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

53. ҚТЖ-ның жалғыз акционері қандай да бір кезеңдегі ҚТЖ акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

54. ҚТЖ-ның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде Заңда көзделген мәліметтер болуға тиіс.

55. Орналастырылмаған немесе ҚТЖ өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе жалғыз акционер оны тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

56. Заңда көзделген жағдайларда дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

57. Жалғыз акционер, Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚТЖ берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

## **8-БАП ҚТЖ ОРГАНДАРЫ**

58. ҚТЖ органдары:

- 1) жоғары орган - Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган-Басқарма;
- 4) ҚТЖ-ның қаржы - шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару және консультация беру саласындағы құжаттардың орындалуын жүзеге асыратын орган-ішкі аудит қызметі.

## **9-БАП АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

59. ҚТЖ жалғыз акционерінің мынадай құқықтары бар:

- 1) заңда, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен ҚТЖ-ны басқаруға қатысу;

- 2) дивидендтер алу;

- 3) Егер сұрау салуда өзге мерзімдер белгіленбесе, сұрау салуды алған кезден бастап 30 (отыз) күннен кешіктірмей, құпия сипаттағы ақпаратты қоса алғанда, ҚТЖ қызметі туралы, оның ішінде үлестес ұйымдар бөлінісінде ақпарат алуға, сондай-ақ Жалғыз акционер немесе Жарғыда айқындалған тәртіппен ҚТЖ-ның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның ҚТЖ бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға құқылы;

5) ҚТЖ органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға құқылы;

6) ҚТЖ таратылған кезде ҚТЖ мүлкінің бір бөлігін алуға;

7) Заңда белгіленген тәртіппен ҚТЖ акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу;

8) заңнамаға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығару үшін Директорлар кеңесіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсыну;

9) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;

10) аудиторлық ұйымның ҚТЖ аудитін өз есебінен жүргізуін талап ету;

11) Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, ҚТЖ лауазымды тұлғаларының ҚТЖ келтірген залалдарын өтеуі және ҚТЖ лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) ҚТЖ-ны қайтаруы туралы талаппен сот органдарына жүгінуге құқылы;

12) ҚТЖ-ға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен жүгінуге және сұрау салу ҚТЖ-ға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алуға құқылы.

60. ҚТЖ-ның жалғыз акционері:

1) акцияларды төлеуге міндетті;

2) орталық депозитарийге және (немесе) жалғыз акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға ҚТЖ акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы 10 (он) жұмыс күн ішінде хабарлауға міндетті;

3) ҚТЖ немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

61. ҚТЖ, орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы Жалғыз акционердің ҚТЖ Жарғысының 60-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапты орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

## 10-БАП ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

62. «Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы №50 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы

№ 117 қаулысына сәйкес ҚТЖ акцияларының 100% пайызы құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры қор болып табылатын «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ның орналастырылатын акцияларын төлеу есебіне берілді.

63. ҚТЖ-да акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңдарда және Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

64. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) ҚТЖ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) ҚТЖ-ны ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) ҚТЖ қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

5) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

6) акциялардың ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

7) ҚТЖ бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

8) ҚТЖ жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе ҚТЖ орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

10) Басқарма төрағасын тағайындау (сайлау) және мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ оның өкілеттік мерзімін айқындау;

11) ҚТЖ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау және қаржылық есептілік аудиті үшін оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

13) есепті қаржы жылындағы ҚТЖ-ның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және ҚТЖ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

14) ҚТЖ-ның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;



15) ҚТЖ-ға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне ҚТЖ қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16) заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта ҚТЖ-ны сатып алған кезде акциялардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

17) Жалғыз акционерге ҚТЖ қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

18) Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;

19) дивидендтік саясатты және дивидендтерді есепке жазу нормативтерін бекіту;

20) «Алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

21) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтерін және әкімшілік аппаратты орналастыруға арналған алаңдар нормаларын айқындау;

22) жұмыскерлерге мобильдік байланысты пайдалану құқығын беру кезінде ҚТЖ қаражаты есебінен өтелетін шығыстар лимиттерін, өкілдік шығыстар лимиттерін айқындау;

23) дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамын Қор тікелей немесе жанама түрде иеленетін заңды тұлғаларға қатысты әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттарды бекіту;

24) ҚТЖ даму жоспарын (бизнес-жоспарын) өзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және орындау мониторингі қағидаларын бекіту;

25) инвестициялық шешімдер мен инвестициялық жобаларды іске асырудың толықтығы мен мерзімдері бойынша іркілістерге жол бермеу бойынша ҚТЖ-ға қатысты жедел шаралар қабылдау;

26) жыл сайынғы негізде ҚТЖ қызметінің нәтижелерін тыңдау;

27) ҚТЖ, нәтижесінде оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылданған күнгі құны ҚТЖ активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мәміле нәтижесінде ҚТЖ мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәміле жасауы туралы шешім қабылдау;

28) Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына сәйкес жасалуына мүдделілік бар ірі мәміле ретінде танылатын ірі мәмілені ҚТЖ жасауы туралы шешім қабылдау;

29) шешім қабылдау заңмен және (немесе) Жарғымен ҚТЖ жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

65. Егер заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау ҚТЖ Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдар мен ҚТЖ қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

66. Жалғыз акционер ҚТЖ-ның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша ҚТЖ-ның өзге де органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

## 11-БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

67. Директорлар кеңесі заңмен және (немесе) Жарғымен ҚТЖ Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, ҚТЖ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

68. Егер заңда өзгеше белгіленбесе, Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) ҚТЖ қызметінің басым бағыттарын айқындайтын ҚТЖ даму стратегиясын бекіту, сондай-ақ ҚТЖ даму стратегиясының іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру;

2) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды ҚТЖ-дан сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) ҚТЖ Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін (басқарма төрағасын қоспағанда) айқындау, басқарма мүшелерін (басқарма төрағасын қоспағанда) сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

5) ҚТЖ Басқармасының төрағасы мен мүшелеріне лауазымдық айлықақылар мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау, олардың қызметін бағалау;

6) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің қызметін бағалау, ішкі аудит қызметінің штаттық кестесін бекіту;

7) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

8) Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

9) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау, оның қызметін бағалау, корпоративтік хатшы туралы ережені және корпоративтік хатшы қызметінің (аппаратының) штат кестесін бекіту;

10) Корпоративтік омбудсменді тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік омбудсменнің лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау, оның қызметін бағалау, Корпоративтік омбудсмен туралы ережені, корпоративтік омбудсмен аппаратының штат кестесін бекіту;

11) ҚТЖ Комплаенс-қызметі басшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ҚТЖ Комплаенс-қызметі басшысының лауазымдық айлықтарының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау, оның қызметін бағалау, Комплаенс-қызмет туралы ережені, Комплаенс-қызметтің штат кестесін бекіту;

12) ҚТЖ-ның ішкі қызметін реттейтін, ҚТЖ-ның Директорлар кеңесі айқындайтын тізбе бойынша құжаттарды (Басқарма ҚТЖ қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және ҚТЖ бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) Директорлар кеңесі мүшелерінің ҚТЖ қызметі, оның ішінде қаржы қызметі туралы ақпарат алу тәртібі мен мерзімдерін айқындау;

14) ірі мәмілелерді және жасалуы туралы шешімді ҚТЖ-ның жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

15) нәтижесінде құны ҚТЖ активтері құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;

16) ҚТЖ-ның жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілені (мәміле туралы шешім қабылдау күніне ҚТЖ активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу пайызынан кем) Қор тобына кіретін ұйымдармен мәмілелер жасасуы туралы шешім қабылдау;

17) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы ҚТЖ – ға тиесілі, ҚТЖ Директорлар кеңесі айқындайтын ұйымдар тізбесі бойынша акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жататын заңды тұлғалар (бұдан әрі-Ұйымдар) қызметінің мынадай мәселелері бойынша шешімдер қабылдау:

а) Ұйымдардың басшыларын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ал Қор Басқармасы бекітетін тізбе бойынша ұйымдарға қатысты - Қор Басқармасымен келісу бойынша;

б) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

в) Қадағалау кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ұйымның Қадағалау кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

г) нәтижесінде ұйым ұйым қабылдаған күнге құны ұйым активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені (мәмілелерді) ұйымның (акционерлік қоғам нысанында) жасасуы туралы шешім қабылдау нәтижесінде Қордың тобына кірмейтін ұйымдармен оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімдер;

д) құны Қордың тобына кірмейтін ұйымдармен ұйым активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу бір және одан көп пайызын құрайтын нәтижесінде ұйым мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелерді ұйымның (жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында) жасасуын мақұлдау туралы шешім;

е) ұйымға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы ұйымның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

ж) ұйымды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

з) Ұйымның (жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында) өзге де шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім;

и) ұйымның барлық мүлкін кепілге беру туралы шешім (жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында);

18) ҚТЖ даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту және оны іске асыру мониторингі;

19) ҚТЖ Басқарма мүшелері үшін қызметтің негізгі көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;

20) ҚТЖ басқармасы туралы ережені бекіту;

21) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ комитеттердің мүшелерін сайлау;

22) тағайындалуы немесе тағайындауын келісімдеу Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын Басқарма мүшелеріне және ҚТЖ-ның өзге қызметкерлеріне басқа ұйымдарда жұмыс істеу және/немесе лауазымдарды атқару мүмкіндігіне қатысты келісім беру;

23) ҚТЖ облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

24) ҚТЖ-ның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, Жалғыз акционерге өткен қаржы жылындағы таза табысты бөлу тәртібі және бір қарапайым акцияға есептегендегі дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар беру;

25) ҚТЖ-ның шетелдік филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

26) ҚТЖ-ның басқа ұйымдарды құруға қатысуы туралы шешім қабылдау;

27) ҚТЖ-ның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

28) ҚТЖ орталық аппаратының ұйымдық құрылымын және жалпы санын бекіту;

29) Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатын, тәуекел-тәбетті, тәуекелдер тізілімі мен картасын, ҚТЖ тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді бекіту;

30) ҚТЖ Тәуекелдерін басқару жүйесі мен ҚТЖ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау және сақталуын қамтамасыз ету;

31) жер қойнауын пайдалану құқығын алу, беру (қайта беру), жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға өзгерістер енгізу (Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріндегі өзгерістерге немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне байланысты келісімшарттардың өзгерістерін, тараптар деректемелерінің өзгерістерін және редакциялық сипаттағы өзгерістер енгізуді қоспағанда), стратегиялық әріптестермен шарттар жасасу мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

32) ҚТЖ Жалғыз акционерінің қарауына мәселелерді алдын ала мақұлдау және шығару;

33) сыртқы аудитордың сапасы мен тәуелсіздігін бақылауды жүзеге асыру;

34) ҚТЖ корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, өз құзыреті шеңберінде оған енгізілген өзгерістерді бекіту, Жалғыз акционерге өзгерістер бойынша ұсыныстар дайындау;

35) мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатқа сәйкес мүдделер қақтығысын реттеуге қатысу;

36) ақпараттық саясаттың тиімділігін бағалау;

37) Директорлар кеңесіне ҚТЖ-ның даму стратегиясының, даму жоспарының (бизнес-жоспарының) орындалуы, қызметінің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы, сондай-ақ ҚТЖ-ның түйінді тәуекелдері және оларды басқару шараларының тиімділігі туралы басқарушылық есептілікті ұсыну тәртібін бекіту;

38) ҚТЖ қызметінің негізгі көрсеткіштерін, олардың нысаналы мәндерін бекіту және оларға қол жеткізу мониторингі;

39) құрамына Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есеп кіретін ҚТЖ-ның жылдық есебін бекіту;

40) Жалғыз акционерге мыналарды дайындап, ұсыну:

аудиторлық ұйымға және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшеріне қатысты ұсынымдар;

ҚТЖ дивидендтік саясатына қатысты ұсынымдар;

Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын біліктілік өлшемшарттары мен тәуелсіздік өлшемшарттарына қатысты ұсынымдар;

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері, тәртібі және шарттары жөніндегі ұсынымдар;

Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есеп;

41) ҚТЖ немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

42) ҚТЖ қызметінің заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз ету жүйелерінің тиімділігін бағалау;

43) Қордың құжаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашылық жасайтын маңызды және ірі инвестициялық жобалар бойынша, сондай-ақ рентабельділігі төмен жобалар бойынша шешім қабылдау;

44) ҚТЖ-ны басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау;

45) ҚТЖ акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

46) ҚТЖ міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

47) ҚТЖ Кадр саясатын бекіту және кадр саясаты қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуын қоса алғанда, ҚТЖ Кадр саясатының іске асырылу барысы туралы есептерді жыл сайын қарау;

48) Басқарманың ҚТЖ қызметі туралы есебін қарау;

49) ҚТЖ және (немесе) жалғыз акционердің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ҚТЖ Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін ҚТЖ активтерін өткізуге байланысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

50) заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде ҚТЖ Директорлар кеңесі немесе Қор бекіткен құжаттармен ҚТЖ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер.

69. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу Басқармаға тапсырыла алмайды.

70. Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ ҚТЖ Жалғыз акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

71. ҚТЖ Директорлар кеңесі болмаған не ҚТЖ Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің жеткілікті санының болмауына байланысты шешім қабылдау үшін талап етілетін кворум болмаған жағдайларда, ҚТЖ Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мынадай мәселелер бойынша шешімдер Директорлар кеңесі не кворум болмаған кезеңде ҚТЖ Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне беріледі:

1) ҚТЖ қызметінің басым бағыттарын айқындайтын ҚТЖ даму стратегиясын бекіту, сондай-ақ ҚТЖ даму стратегиясының іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру;

2) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды ҚТЖ-дан сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) ҚТЖ Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін (басқарма төрағасын қоспағанда) айқындау, басқарма мүшелерін (басқарма төрағасын қоспағанда) сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

5) ҚТЖ Басқармасының төрағасы мен мүшелеріне лауазымдық айлықақылар мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау, олардың қызметін бағалау;

6) ірі мәмілелерді және жасалуы туралы шешімді ҚТЖ-ның жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

7) нәтижесінде құны ҚТЖ активтері құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлік сатып алынатын немесе

иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;

8) ҚТЖ-ның жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілені (мәміле туралы шешім қабылдау күніне ҚТЖ активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу пайызынан кем) Қор тобына кіретін ұйымдармен мәмілелер жасасуы туралы шешім қабылдау;

9) ҚТЖ Директорлар кеңесі айқындайтын ұйымдар тізбесі бойынша акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жататын Ұйым қызметінің мынадай мәселелері бойынша шешімдер қабылдау:

- Ұйымдардың басшыларын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ал Қор Басқармасы бекітетін тізбе бойынша ұйымдарға қатысты - Қор Басқармасымен келісу бойынша;

- Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Ұйымның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

- ұйымға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы ұйымның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

10) ҚТЖ даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту және оны іске асыру мониторингі;

11) ҚТЖ Басқармасы туралы ережені бекіту;

12) ҚТЖ-ның шетелдік филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

13) ҚТЖ-ның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

14) ҚТЖ орталық аппаратының ұйымдық құрылымын және жалпы санын бекіту;

15) ҚТЖ қызметінің негізгі көрсеткіштерін, олардың нысаналы мәндерін бекіту және оларға қол жеткізу мониторингі;

16) Басқарманың ҚТЖ қызметі туралы есебін қарау.

72. Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығыстарын, оның ішінде ҚТЖ меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай мәмілелер жасасу кезінде теріс пайдалануды лауазымды тұлғалар мен



Жалғыз акционер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға міндетті;

2) ҚТЖ-да корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

73. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін ҚТЖ-да Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуға тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау;
- 6) ҚТЖ-ның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін ҚТЖ-ның ішкі құжатында белгіленеді.

74. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) ҚТЖ Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

75. Директорлар кеңесінің мүшелері бәсекелес ұйымдарда Директорлар кеңесінің, атқарушы органның мүшесі ретінде жұмыс істеуге құқылы емес.

76. ҚТЖ басқармасының төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. ҚТЖ Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

77. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар мен Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционер мен ҚТЖ мүддесінде бүкіл Директорлар кеңесінің міндеттерін орындау және тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесіне, біліміне, біліктілігіне, оң жетістіктеріне және іскерлік және сапалық ортадағы мінсіз беделіне ие болуға тиіс.

78. Директорлар кеңесі жалғыз акционерге ұсынылатын өз қызметі туралы жылдық есептің құрамында өзі тәуелсіз деп санайтын Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін көрсетуге тиіс. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшесі шешім қабылдау кезінде тәуелсіз болып табылатындығын анықтау қажет; бұл ретте Директорлар кеңесі мүшесінің заңнама бойынша тәуелсіздің өлшемшарттарына сәйкестігін, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшесін тәуелсіз деп тануға ықпал етуі

мүмкін қатынастардың немесе мән-жайлардың болуын көрсете отырып, Директорлар кеңесі мүшесін тәуелсіз деп тану себептерін көрсету, оның ішінде Директорлар кеңесінің мүшесі, егер

соңғы бес жыл ішінде ҚТЖ-ның немесе оның еншілес ұйымының қызметкері болса;

Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысын қоспағанда, ҚТЖ-дан қосымша сыйақы алған немесе алып жүрсе;

басқа ұйымдарда немесе органдарда осындай лауазымды атқара отырып, басқа ұйымдарда немесе органдарда осындай қатысу арқылы Директорлар кеңесінің басқа мүшелерімен елеулі байланысы бар болса;

Жалғыз акционердің немесе мемлекеттік басқару органдарының мүддесін білдірсе;

қатарынан тоғыз жылдан астам Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болса.

79. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны жеті адамнан кем болмауға тиіс. Кем дегенде отыз пайызы директорлар Кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

80. Мынадай тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) бұрын белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады;

3) Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын, заңдарда белгіленетін өзге де талаптар.

81. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді және Жалғыз акционер директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау жөнінде шешім қабылдаған сәтте аяқталады. Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, кейіннен қызмет нәтижелері қанағаттанарлық болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Директорлар кеңесінің құрамына Қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, үш жылдық екі мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға тиіс. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан астам уақыт сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау

Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып жыл сайын жүргізілуге тиіс.

82. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттік мерзімін ҚТЖ-ның Жалғыз акционері белгілейді.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланған күні аяқталады.

83. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

84. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

85. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтастай Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

86. Директорлар кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер сайлайды. Жалғыз акционер кез келген уақытта директорлар кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

87. Директорлар кеңесінің төрағасы өз функцияларын Заңға, Жарғыға және ҚТЖ Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Заңда және жарғыда белгіленген тәртіппен:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және жүргізеді;
- 3) ҚТЖ атынан Басқарма төрағасымен материалдық көтермелеудің және Басқарма төрағасының жауапкершілігінің ҚТЖ қызметінің нәтижелеріне және даму жоспарының (бизнес-жоспарының) орындалуына тікелей тәуелділігін көздейтін еңбек шартын жасасады;
- 4) Басқарма төрағасына Директорлар кеңесі осы лауазымға тағайындаған ішкі аудит қызметінің басшысын ұсынады;
- 5) Жалғыз акционерді ҚТЖ Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабардар етеді;
- 6) Жалғыз акционерді жыл сайын Директорлар кеңесінің қызметі туралы хабардар етеді;
- 7) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;
- 8) Директорлар кеңесі мүшелерінің дұрыс және нақты ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;

9) Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің қызметіне тиімді үлесін және Директорлар кеңесі мүшелері мен басқарма арасындағы сындарлы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді;

10) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне лауазымға енгізу бағдарламасын ұсынуды қамтамасыз етеді;

11) Жалғыз акционерді басқару мәселелерін келіседі;

12) Жалғыз акционермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді, сондай-ақ Жалғыз акционердің пікірін Директорлар кеңесіне жеткізеді;

13) Жалғыз акционердің сұрақтарына жауап беруді қамтамасыз етеді;

14) ҚТЖ атынан Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерімен жасалған шарттарға қол қояды;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және директорлар кеңесі туралы ережеде көзделген өзге де мәселелерді шешеді.

88. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

89. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқармасының бастамасы бойынша не болмаса:

1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Ішкі аудит қызметінің;

3) ҚТЖ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

4) Жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырыла алады

90. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе басқарма шақыру туралы талап түскен күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын, ал аса маңызды мәселелер бойынша Директорлар кеңесі бекітетін тізбеге сәйкес кемінде 15 (он бес) жұмыс күні бұрын жіберілуге тиіс.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен шарттары, тартылған адамдардың қатысу

үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін (Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтуы тиіс.

91. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

92. Директорлар кеңесінің мүшесі Басқарманы, Директорлар кеңесінің төрағасын немесе Корпоративтік хатшыны оның Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабардар етуге міндетті. Отырысқа қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша хабарлау арқылы дауыс беруге құқылы.

93. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін Кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы Жалғыз акционерге жүгінуге міндетті.

94. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер заңда өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысып отырған (оның ішінде Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерінің жазбаша пікірлерін ескере отырып) немесе сырттай дауыс беруге қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

95. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

96. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивтік дыбыс-бейне жазу байланысы), конференц-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон мәжілісі» режимінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мұндай мүшесі Директорлар кеңесі отырысының қалған барлық қатысушыларымен сөйлесе алатын жағдайда, өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып қатыса алады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің осы мүшесі Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысына жеке өзі қатысады деп есептеледі және дауыс беруге және кворумда есепке алуға құқығы бар.

Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған күн тәртібі бойынша жазбаша пікір кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі және отырыстың хаттамасына тігіледі, онда күн тәртібі бойынша жазбаша пікір жіберу арқылы Директорлар кеңесінің осы мүшесінің дауыс беруі туралы жазба жасалады.

Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша пікірді Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін 1 (бір) күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынуы тиіс.

97. Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесінің оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдаған кезде директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

98. Сырттай дауыс беру бюллетеньдерінің мазмұнына қойылатын талаптар Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленеді.

99. Егер Директорлар кеңесі туралы ережеде өзге мерзімдер көзделмесе, отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдары қоса берілген сырттай дауыс беруге арналған бюллетень отырыс өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс.

100. Сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюға тиіс.

Дауыстарды санау кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

101. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған Корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюы тиіс.

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдерді және сырттай дауыс беру қорытындыларын Корпоративтік хатшы осы шешім қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса беріле отырып, шешімге қол қойылған кезден бастап 20 (жиырма) күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберуге тиіс.

102. Директорлар кеңесі ҚТЖ Жарғысының 68-тармағының 1), 4)-9), 10), 11), 14)-17), 18), 19), 21), 24), 26)-28), 34), 38), 39), 43), 48) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді тек қана көзбе-көз мәжілістерде қарауы тиіс.

103. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері заң мен Директорлар кеңесі туралы ереженің талаптарына сәйкес ресімделетін және қол қойылатын хаттамада тіркеледі.

104. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері ҚТЖ-да сақталады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша 10 (он) жұмыс күні ішінде оған Директорлар кеңесі

(Директорлар кеңесі комитеттері) отырысының хаттамасын және (немесе) сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынады және (немесе) оған Корпоративтік хатшының қолымен және ҚТЖ мөр бедерімен расталған хаттама мен шешімнен үзінді көшірмелер береді

105. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Заңда және ҚТЖ Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып, ҚТЖ Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген ҚТЖ Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

106. Жалғыз акционер, егер көрсетілген шешіммен ҚТЖ және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, ҚТЖ Директорлар кеңесінің заң және ҚТЖ Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне сотта дау айтуға құқылы.

## **12-БАП. БАСҚАРМА**

107. Басқарма Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және Жарғымен ҚТЖ басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған ҚТЖ қызметінің барлық мәселелерін шешу құзыретіне жататын ҚТЖ-ның алқалы атқарушы органы болып табылады. Басқарма ҚТЖ жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

108. Басқарма мүшелерінің саны кемінде бесеу болуы тиіс.

109. Жалғыз акционердің өкілдері және ҚТЖ қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.

Басқарма мүшелері Басқарма отырыстарына қатысу арқылы ҚТЖ қызметін басқаруды жүзеге асырады.

Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы. Басқарма мүшесінің бәсекелес ұйымдарда Директорлар кеңесінің немесе атқарушы органның мүшесі лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

Басқарма төрағасының атқарушы орган басшысының не атқарушы органның, басқа заңды тұлғаның функцияларын жеке – дара жүзеге асыратын адамның лауазымын, сондай-ақ Директорлар кеңесі, атқарушы орган мүшесінің бәсекелес ұйымдардағы лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

Басқарма төрағасы мен мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімдері жалпы Басқарма өкілеттігінің мерзімімен сәйкес келеді.

110. Басқарма құзыреті:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру;

2) Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін мәселелерді алдын ала мақұлдау;

3) ҚТЖ Даму стратегиясын Директорлар кеңесінің қарауына мақұлдау және шығару;

4) ішкі (қызметтік) ақпаратты қорғауды және сақтауды қамтамасыз ету;

5) ҚТЖ-дағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы Директорлар кеңесін уақтылы хабардар ету;

6) ҚТЖ қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, Директорлар кеңесі және Жалғыз акционер бекітетін құжаттарға жатпайтын құжаттарды бекіту;

7) тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі, ішкі бақылау және қызметтің үздіксіздігі саласындағы ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа да құжаттарды бекіту;

8) ҚТЖ салықтық есепке алу саясатын, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

9) Қазақстан Республикасының аумағында ҚТЖ филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олар туралы Ережелерді бекіту;

10) қызметтік іссапарларға жіберілетін ҚТЖ қызметкерлерінің шығыстарын өтеудің тәртібі мен шарттарын айқындау;

11) ҚТЖ орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің штат кестелерін бекіту (Корпоративтік омбудсмен аппаратын, Корпоративтік хатшы аппаратын, Ішкі аудит қызметін және ҚТЖ Комплаенс-қызметін қоспағанда);

12) еңбекке ақы төлеу және сыйлықақы беру қағидаларын және ҚТЖ әкімшілік және басқару қызметкерлерінің лауазымдық айлықтарының схемасын бекіту (еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын ҚТЖ Директорлар кеңесі айқындайтын қызметкерлерді қоспағанда);

13) ҚТЖ еншілес ұйымдарының орталық аппараттары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің және оларға сыйлықақы берудің үлгілік шарттарын айқындау;

14) жасалуына қатысты заңда ерекше шарттар белгіленген, Қордың тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу тәртібіне сәйкес ҚТЖ мүдделілігі бар мәмілелер жасасуы туралы шешім қабылдау;

15) заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, құны ҚТЖ активтері құнының жалпы мөлшерінің он пайызынан кем болатын мүлік нәтижесінде ҚТЖ сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;

16) ҚТЖ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы ҚТЖ тиесілі заңды тұлға



акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) ҚТЖ даму жоспары (бизнес-жоспары) шеңберінде (нақтыланған бюджет болған кезде) ҚТЖ (нақтыланған) бюджетін бекіту;

18) ҚТЖ даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту үшін Директорлар кеңесіне қарау, мақұлдау және ұсыну;

19) қажет болған кезде ҚТЖ Директорлар кеңесі бекіткен ҚТЖ даму жоспары (бизнес-жоспар) қызметінің стратегиялық түйінді көрсеткіштерін нашарлатпайтын ҚТЖ даму жоспарына (бизнес-жоспарына) түзетулерді бекіту;

20) ҚТЖ даму жоспарын (бизнес-жоспарын) іске асыру;

21) ҚТЖ Директорлар кеңесіне шығарылғанға дейін жылдық қаржылық есептілікті қарау және мақұлдау;

22) өткен қаржы жылындағы ҚТЖ таза табысын бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және ҚТЖ-ның бір жай акциясына есептегендегі жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарды алдын ала мақұлдау және оларды ҚТЖ Директорлар кеңесіне ұсыну;

23) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген тәртіппен бекітілетін Қор тобының қайырымдылық бағдарламасына сәйкес ҚТЖ-ға қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсету туралы шешімдер қабылдау;

24) ҚТЖ-ны басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызынан кемін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау;

25) заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде ҚТЖ Директорлар кеңесі, ҚТЖ немесе қор бекіткен құжаттармен ҚТЖ Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер.

111. Басқарма отырыстарында шешімдер отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелері санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Басқарма мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан жағдайда Басқарма шешім қабылдауға құқылы (кворум).

Басқарманың шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, Басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетіле отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс.

112. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Басқарманың дауыс беруі кезінде дауыстар тең болған жағдайда Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде ҚТЖ Басқармасының басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

113. Басқармаға басшылықты Басқарма төрағасы жүзеге асырады.

114. ҚТЖ Басқарма төрағасы:

1) Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, ҚТЖ Басқармасы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) ҚТЖ қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

3) Басқарманың жұмысын, Басқарманың отырыстарын шақыруды және оның қарауына қажетті материалдарды ұсынуды ұйымдастырады;

4) ҚТЖ-ны басқару жүйесін дамыту мен жақсартуды мынадай жолдармен қамтамасыз етеді:

корпоративтік басқаруды жетілдіру;

тұтынушылардың талаптарын, заңнамалық талаптарды, реттеуші мемлекеттік органдардың және Жалғыз акционердің талаптарын ҚТЖ қызметкерлеріне жеткізу механизмдерін құру;

корпоративтік идеологияны және ҚТЖ бизнес философиясын әзірлеу;

корпоративтік идеология мен ҚТЖ бизнес философиясында белгіленген ҚТЖ қызметінің құндылықтары мен қағидаттарын ілгерілету;

ҚТЖ бизнес-процестеріне жыл сайынғы талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

бюджеттерді қалыптастыру жолымен басқару жүйесін дамыту жобаларына ресурстар бөлу және жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау;

5) Директорлар кеңесіне және Жалғыз акционерге еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарды басқару туралы, сондай-ақ көрсетілген ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің ҚТЖ қызметінің көрсеткіштеріне әсері туралы жартыжылдық есептерді ұсынады;

6) Директорлар кеңесінің алдында ҚТЖ даму жоспарының (бизнес-жоспарының) іске асырылуы туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;

7) үшінші тұлғалармен қатынастарда ҚТЖ атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) үшінші тұлғалармен, оның ішінде мемлекеттік және сот органдарымен қарым-қатынастарында ҚТЖ-ның мүддесін қорғау құқығына сенімхаттар береді. Мұндай сенім білдірілген адамдар, егер оларға алынған сенімхатта осыған уәкілеттік берілген болса, қайта сенім білдіру тәртібімен сенімхаттар беруге құқылы;

9) еңбек шарттарын жасасады, өзгертеді, тоқтатады, оларға сәйкес ҚТЖ қызметкерлерімен еңбек қатынастары туындайтын, өзгертін, тоқтатылатын актілер қабылдайды;

10) ҚТЖ қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, еңбекақы төлеу мәселелерін реттейтін ҚТЖ актілеріне сәйкес ҚТЖ қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және сыйлықақылар мөлшерін белгілейді,

өкілеттіктерін тағайындау, мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау ҚТЖ Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, ҚТЖ жұмыскерлері сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;

11) ҚТЖ басшылығына жататын Басқарма мүшелері, Басқарма төрағасының орынбасарлары және өзге де тұлғалар арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі;

12) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін орындауды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

13) Жалғыз акционерге мыналарды ұсынады:

Жалғыз акционер бекіткен нысандар бойынша және Жалғыз акционер белгілеген мерзімдерде ҚТЖ даму жоспарын (бизнес-жоспарын) іске асыру туралы есеп;

Жалғыз акционер белгілеген мерзімде Жалғыз акционер бекіткен нысандар бойынша ҚТЖ-ның, оның еншілес және бірлесіп бақылайтын ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептілік.

14) ҚТЖ филиалдарының, өкілдіктері мен еншілес ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

15) құзыреті шегінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

16) ұжымдық шарттар жасасады;

17) наразылықтар мен талап-арыздар береді және оларға қол қояды, талап қоюлардан бас тартады, талап қою шарттарын өзгертеді, бітімгершілік келісімдерге қол қояды;

18) ҚТЖ-ның банктік және басқа да шоттарын ашады;

19) Басқарма төрағасының шетелдік іссапарларын Жалғыз акционермен келісуді және ел шегіндегі Басқарма төрағасының іссапарлары туралы жалғыз акционерді хабардар етуді қамтамасыз етеді;

20) заңнамада, Жарғыда және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған өзге де құжаттарда айқындалған жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, сондай-ақ ҚТЖ Басқармасының айрықша құзыретіне жатпайтын ҚТЖ ағымдағы қызметіне қатысты қалған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

### **13-БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ**

115. ҚТЖ-ның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалау, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау және ҚТЖ қызметін жетілдіру мақсатында консультация беру үшін ҚТЖ-да Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері ҚТЖ Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

116. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен:

1) Директорлар кеңесіне ҚТЖ қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпарат ұсынады;

2) жүйелендірілген және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалауды жүргізеді, консультация береді және жетілдіруге ықпал етеді;

3) Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес өз құзыретіне кіретін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

117. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметіне жетекшілік етуді Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ оның жұмыс тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін Ішкі аудит қызметі туралы ережеде айқындалады.

118. ҚТЖ мен ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің арасындағы еңбек қатынастары заңнамамен, осы Жарғымен және Директорлар кеңесінің шешімі негізінде ҚТЖ Басқармасының төрағасы мен Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің арасында жасалатын еңбек шарттарымен реттеледі.

#### **14-БАП. ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАР, КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ**

119. Лауазымды адамдардың ұғымдарын, лауазымды адамдар қызметінің қағидаттарын, олардың құқықтары мен міндеттерін, жауаптылығын, сондай-ақ лауазымды адамдарды жауаптылыққа тарту тәртібін айқындау заңнамада және Жарғыда белгіленеді.

120. ҚТЖ мен оның еншілес ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша реттеушілік талаптарды сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың үздік халықаралық практикасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болғызбау механизмдерін енгізу үшін ҚТЖ-да Комплаенс-қызмет құрылады.

121. Комплаенс-қызметтің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі, сондай-ақ оның жұмыс тәртібі заңнамада және Директорлар кеңесі бекітетін Комплаенс-қызмет туралы ережеде айқындалады.

122. Корпоративтік хатшы-Директорлар кеңесінің не ҚТЖ Басқармасының мүшесі болып табылмайтын ҚТЖ жұмыскері, Директорлар кеңесі тағайындайды және ол Директорлар кеңесіне есеп береді.

123. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі Директорлар кеңесі бекітетін Корпоративтік хатшы туралы ережемен және ҚТЖ-ның ішкі құжаттарымен айқындалады.

## **15-БАП. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК, ЕСЕПКЕ АЛУ ҚҰЖАТТАМАСЫ ЖӘНЕ АУДИТ**

124. Күнтізбелік жыл ҚТЖ-ның қаржы жылы болып табылады (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін).

125. ҚТЖ-ның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында белгіленеді.

126. Басқарма жыл сайын Бірден-бір акционерге Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті талқылау және бекіту үшін ұсынады. ҚТЖ жылдық қаржылық есептілігін Жалғыз акционер бекіткен күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей Директорлар кеңесі алдын ала бекітуге тиіс.

Қаржылық есептіліктен басқа, басқарма Жалғыз акционерге аудитордың ұсынымдарын (басшылыққа хатты) қоса алғанда, аудиторлық есепті ұсынады.

127. ҚТЖ аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша ҚТЖ есебінен не Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте жалғыз акционер аудиторлық ұйымды дербес айқындауға құқылы. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда ҚТЖ аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

128. Егер Басқарма ҚТЖ аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

129. ҚТЖ жыл сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада ашылады, сондай-ақ Заңда және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленген талаптарға сәйкес Жалғыз акционердің және инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде ҚТЖ активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған

адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

130. ҚТЖ жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын, сондай-ақ істердің ағымдағы жай-күйін тексеру және растау үшін заңнамада және Жалғыз акционердің шешімдерінде белгіленген тәртіппен халықаралық қаржылық есептілік және аудит стандарттарына сәйкес ол аяқталғаннан кейін қаржы жылының қорытындылары бойынша жыл сайынғы аудитті жүргізуге міндетті.

## **16-БАП. ҚТЖ АҚПАРАТЫН АШУ**

131. ҚТЖ «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты ашуды жүзеге асыруға міндетті.

132. ҚТЖ өз қызметі туралы ақпаратты ҚТЖ WEB – сайтында ([www.railways.kz](http://www.railways.kz)) жариялайды, заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен Интернет желісінде және (немесе) өзге де тұлғалардың басқа да интернет ресурстарында және (немесе) мерзімді баспасөз басылымында орналастырылады.

133. Орналастырылатын ақпараттың көлемі мен мазмұны заңнамада айқындалады.

134. ҚТЖ-ның қызметіне қатысты құжаттар оның қызметінің бүкіл мерзімі ішінде басқарма орналасқан жерде сақталуы тиіс.

135. Өзге құжаттар, оның ішінде ҚТЖ-ның қаржылық есептілігі заңнамада және ҚТЖ-ның ішкі құжаттарында белгіленген мерзім ішінде сақталады.

136. ҚТЖ Жалғыз акционерінің талап етуі бойынша оған Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін ҚТЖ-ға осындай талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл ретте қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қамтитын ҚТЖ бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналысқа шығарудың және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар Жалғыз акционерге оның талап етуі бойынша танысу үшін берілуге тиіс.

137. ҚТЖ өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

138. Жалғыз акционер және ҚТЖ-ның лауазымды тұлғалары өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты үлестестік туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде ҚТЖ-ға ұсынады.

Бұрын ҚТЖ-ның Жалғыз акционері немесе лауазымды адамы үлестес ретінде көрсетілген тұлға осындай болуды тоқтатқан жағдайда, ҚТЖ-ның Жалғыз акционері немесе лауазымды адамы бұл туралы ҚТЖ-ға бес күн мерзімде хабарлайды.

Үлестес тұлғалар туралы ақпаратты ҚТЖ уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тиісті нысан бойынша ұсынады.

## 17-БАП ҚТЖ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

139. ҚТЖ-ны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

ҚТЖ-ны қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі заңнамамен реттеледі.

## 18-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

140. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен ол мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

141. Егер ҚТЖ Жарғысының ережелерінің бірі жарамсыз болса, онда бұл қалған ережелердің жарамдылығына әсер етпейді. Жарамсыз ереже құқықтық тұрғыда жол берілетін және мағынасы жағынан жақын ережемен ауыстырылады.

**«Қазақстан темір жолы»  
ұлттық компаниясы  
акционерлік қоғамының  
Басқарма төрағасы**



**Н.Сауранбаев**

Республика Казахстан, город Нур-Султан, второе июня две тысячи двадцать второго года, Я, Исмаилова Кунсулу Боранбаевна, нотариус города Нур-Султан, действующая на основании государственной лицензии № 0001321, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан от 18.02.2003 года, свидетельствую подлинность подписи в лице **Председателя Правления акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»** гражданина **Сауранбаева Нурлана Ермековича**, которая сделана в моем присутствии. Личность представителя установлена, дееспособность его и полномочия, а также правоспособность **Председателя Правления акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»** проверены.



Зарегистрировано в реестре за № 2379  
Внесено: согл. ст.611 НК РК  
и ст. 10-1 Закона РК «О нотариате»  
Нотариус *Исмаилова*



ES0805950380091103012K6480701



«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИАЛЫҚ ШЕКС АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША  
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ  
ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ

ӘМІРЛЕНГЕН ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ БЕКІТІЛГЕН  
Бап № 10 парақ  
2019 ж. 06

НӘМІРЛЕНІП ТІГІЛДІ  
ПРОШУМЕРОВАНО  
ПРОШУМЕРОВАНО  
НА Меморандум парақтығыста  
Нотариус Исмаилов К. Б.

